

# КІСІЛІК пен

Жазушы Жүсіп АЛТАЙБАЕВ туралы үзік сыр

# КІШІЛІК

Туғанына тоқсан жыл толған көрнекті сатирик-жазушы, аудармашы Жүсекеңнің жұрт біле бермейтін бір қыры - домбырашылығы еді.

Шертпе күйдің айтулы шеберлері - Әбікен, Әбди, Мақаш, Қыздарбек, Сембек сынды өнерпаздар өмір сүрген өлкеде өскен оның жүрегі күй сазы да ерте баураған сияқты. Маман музыкашы болмағанымен, аталған адамдардың ұмыт бола жаздаған кей мұраларын бертінге жеткізуде Жүсіп Алтайбаевтың да еңбегі зор.

Ертеректе, жыл аралатып болсын, елге соғып тұратын жазушыны жерлестерінің хан көтере қарсы алатыны есімізде. Ауызекі әңгімені де майын тамыза айтатын қаламгер қолға домбыра алса: «Мынау Қызкеңнің Қарқаралыда шығарған күйі екен. Оның мәнісі былай болса керек...» немесе «Бұл - Әбікеннің Сәкенге арнап тартқаны» деп әр күйдің тарихына тоқталып алатын. Көбінесе аса беріле орындайтын күйі Әбдидің «Қосбасарь» еді. Өзі осы шерлі шығарманы «Зар қосбасар» деп атайтын.

Жақсы орындаушы Жүсекең - бірталай күй де шығарған кісі. Олардың шоқтықтысы «Күнімай» болар. Күй тарихы адамгершіліктерімен, қайраткерліктерімен аттары шыққан Диа қажы, Ғабас, Ғаббас, Оқа, Түсетай, Баттал, Бағай секілді арыстарды сонау отызыншы жылдардың тұсында шаш ал десе бас алған жандеттердің бай тұқымы ретінде



мал-мүліктерін тәркілеп, өздерін атып, отбасыларын теңіретіп жіберуінен басталады.

Осылардың ішінде Жүсіптің өмірінде айрықша орын алатыны - өзі ақын, өзі дәрігер Диа қажы. Кезінде Мәди Бәпиұлын да емдеген ол (Әлжаппар Әбішев. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы, «Жазушы». Бесінші том, 399-400 б.) болашақ жазушының оқуына мүмкіндік жасап, болашағына жол ашқан.

Әлгі зобалаң тұсында шалғайда, сабақта жүрген бозбала елге оралғанда Күнімай деген бәйбіше мұны көргенде сонау сұмдық есіне түсіп шыдай алмады ма екен, ауылды басына көтере зарлап жылап жіберіпті.

Сол оқиға жас Жүсіптің де жүрегі қатты ауыртады. Бірақ оны жазып, әшкерелеудің күні кешеге дейін мүмкін болмағаны белгілі.

Дегенмен, жаны жаралы жігіт іштегі күйініш пен мұң-зарды төгудің жолын тапқан - «Күнімай» күйін шығарған. Өзі сай-сүйегінді сырқырататын шығармасының сырын айта бермейтін. Тек: «бұған Күнімай анамыздың жоқтауы түрткі болды» дейтін де қоятын.

Кезінде түрлі жауапты қызметтерде жүргендегі кәсіби кішіпейілділігінен бе, әлде туа бітті парасаттылығынан шығар, Жүсекеңе «жеке күйтабағыңды неге шығармайсың?!» дегендерге: «қой, Алтайбаев енді тұқ таппағандай музыкамен күн көруге көшіпті деген сөзге қалармын!» деп шоршып түскендей болатын.

Үлкендер: «Түсжанда (Жүсекеңді жерлестері солай атаған) өнер шексіз. Аталары шөптен дәрі қайнатқан, жалаң қандауырмен ауырған малға кәдімгідей операция жасаған. Сол кәсіптерден кезінде шаруашылықтың да оқуын түгескен мұның да құралақан қалуы мүмкін емес» деп отыратын.

Кім білсін, кеңестік жүйе тәртібіне шын беріліп, қоғам алдындағы азаматтық принциптеріне мейлінше адал болып өткен қаламгер, шынында да, өмірде, тіпті шығармашылықта да, мол мүмкіндігін сарқа жұмсамай, көп ашылмай, тартына берген сияқты.

Соның көрінісіндей, ол таңдаған мамандықтары басқа болғанымен студент кездерінде-ақ әйгілі «Ән қанатында», «Тақиялы періште» кинофильмдерінде басты рольдерде ойнаған қыздары Шолпан мен Дананың кино өнерінде бақ сынап берулеріне тиым салған.

Құлтөлеу Мұқашұлы.

*Суретте: Жүсекең (артқы қатарда) зайыбы Раушан жеңгеймен ел ішінде. Қырқынышы жылда.*